

02150300 – ВОКАЛДЫҚ ӨНЕР / 4S02150303 – «Эстрадалық ән салу әртісі, балалар музыка мектебінің оқытушысы»

Білімі:

- негізгі орта білімі бар (9 сынып);
- мамандандырылған оқу орындарын (балалар музыка мектебін, өнер мектептерін) бітірген талапкерлер қабылданады;

Музыкалық қабілеттер:

- фортепианода орындалған немесе оқытушы айтқан жеке дыбыстар мен әуендерді есте сақтау және дауыстап қайталау (ән айту);
- фортепианода бір уақытта орындалатын дыбыстардың санын есту арқылы анықтау (музыкалық интервал – 2 дыбыс, аккорд – 3 дыбыс, 4 дыбыс);
- оқытушы ұсынған ырғақты қолмен қайталау;

Вокалдық деректер:

- дауыстық деректердің көлемі, дауыстың дыбысталу күші және т.б. ескеріледі;
- шамадан тыс дірілсіз дауыстың әдемі тембрлік түсі («тербеліс», «діріл»);
- әншінің дауыс диапазоны (жеткілікті дамыған және кемінде 1,5 октава болуы керек);
- интонацияның тазалығы, есту координациясының айқындылығы;
- дауысты дыбыстардың анықтығы;
- әншілік тыныс алуды меңгеру (тыныс алудың аралас түрін қолдана білуді, сондай-ақ ұзақ әуезді сөз тіркестерін орындау кезінде дем шығаруды дұрыс, біртіндеп бөлуді қамтиды);
- орындау техникасы (дауысты меңгеру және басқару қабілеті);
- дикция анық және мәнерлі болуы керек, сөйлеудің қандай да бір ақауларының болуына жол берілмейді;
- шығарманы орындаудың мәнерлілігі, әншінің қажетті және дәл көркемдік бейнесін жасау;
- әншінің сахнада өзін-өзі ұстауы, сахналық мінез-құлық мәдениеті бағаланады;
- репертуардың күрделілігі әншінің дауыстық мүмкіндіктеріне сәйкес келуі керек;

Эстрада әртісіне тән сырт келбеті:

- Бой өлшемі:
- қыздар үшін 165 см. жоғары;
 - ұлдар үшін 170 см. жоғары болуы шарт;

Фонограммамен (минуспен) орындалатын бағдарлама:

- 1) қазақша ән – дауыстың диапазоны мен техникасын көрсететін (халық әні, халық композиторларының немесе замануи ән);
- 2) эстрадалық ән (орыс тілінде);
- 3) әлемдік эстрада әншілерінің репертуарынан ән (ағылшын, француз, итальян т.б.);

Талапкерлердің дикциясы мен пластикасын тексеру талаптары:

- 1) төрт жол өлең оқып беру;
- 2) 5 (бес) жаңылтпаш айту;
- 3) мысал (басня) оқу;
- 4) замануи би;

Жас ерекшелігі:

- 9-сынып бітірген талапкерлер қабылданады.

Талапкер шығармашылық емтиханнан «2» (қанағаттанарлықсыз) деген баға алса немесе себепсіз келмесе, шығармашылық емтиханнан өтпеді деп саналады.